

Экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен преференциялар алу үшін инвесторлардың өтініштерін қабылдау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 30 наурыздағы N 24-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 2 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1485. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 26-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңының 12 бабының 1 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымша ұсынылған, экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен преференциялар алу үшін инвесторлардың өтініштерін қабылдау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекітуді.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 21 наурыздағы N 2 экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен преференциялар алу үшін инвесторлардың өтініштерін қабылдау тәртібі туралы Нұсқаулықтың күші жойылсын деп тану.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге алынған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер вице-министрімен
КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Инвестициялар жөніндегі
комитеті Төрағасының
2001 жылғы 30 наурыздағы
N 24 - п бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

Экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен пұрсаттылықтар алу үшін инвесторлардың өтініштерін қабылдау тәртібі туралы Нұсқаулық

Экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен преференциялар алу үшін инвесторлардың өтініштерін қабылдау тәртібі туралы осы Нұсқаулық (бұдан былай - Нұсқаулық) инвесторлардың өтініштерін қабылдау және тіркеу ережелерін анықтайды.

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы Нұсқаулықта келесі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Комитет - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті;
- 2) өтінішкер - экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен преференциялар алу үшін үміткер жеке тұлға немесе заңды тұлға;
- 3) өтініш - Комитетпен бекітілген, экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен преференциялар алу үшін өтініш қалыбында көрсетілген құжаттардан тұратын п а к е т ;
- 4) журнал - экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыру мақсатында жеңілдіктер мен преференциялар алу үшін инвесторлардың өтініштерін тіркеу журналы.

2. Өтінішті қабылдау

2. Өтінішкер өтінішін Комитет Кеңсесіне тапсырады, одан кейін журналда тіркелуі үшін Инвестициялық жобаларды бағалау бөліміне беріледі.

3. Өтініш журналға тек бекітілген талаптарға сәйкес болған жағдайда ғана т і р к е л е д і .

4. Өтініштің тіркелген күні болып журналға тіркелген күн саналады.

3. Өтініштерді қарастыру

5. Инвестициялық жобаларды бағалау бөлімі өтініш түскен күннен бастап отыз күннен көп емес уақытта Қазақстан Республикасының тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңына сәйкестігін сараптайды.

6. Комитеттің инвестормен ұсынған ақпараттарын бекітетін қосымша құжаттар мен ақпараттар сұрауға құқығы бар. Бұл жағдайда өтінішті қарастыру уақыты қажетті материалдарды ұсынғанға дейін ұзартылуы мүмкін.

7. Комитет сараптама қорытындысы бойынша қабылданған шешім жөнінде өтінішкерге хабарлайды. Оң шешім қабылданған жағдайда Комитет инвестормен бірге келісім-шарт дайындайды.

8. Мемлекеттік нақты гранттар және кедендік баж жеңілдіктерін беру үшін Комитет сәйкес мемлекеттік органдармен және бағымсыз сарапкерлермен келісім-шартқа сараптама жүргізеді.

4. Дауларды қарастыру

9. Өтінішті тіркеуден бас тартылған жағдаймен келіспеген өтінішкер Комитеттің әрекетіне бекітілген заң тәртібіне сәйкес шағымдануға құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК